

1. Радлов В.В. Тюркские степные кочевники. – Астана: «Алтын кітап», 2007, Том3. – 390 Бет.
2. Құлагер. Илияс Жансүгіров. Атамұра, 2007ж. 420бет.
3. Эрик Тринкауc .The Shanidar Neandertals, 1983. 502 page.
4. Самғау Нәсіпхан. Етікші жолы болмаған адам емес. <https://ortcom.kz/kk/shintobe/samaun-siphan-bizdegi-etikshi-adam-zholy-bolma-nemese-kemtar-degen-stereotipti-zhojym-keledi>
5. Д.Энтони. Шумперта можно будет использовать на разных позициях.
6. https://www.championat.com/basketball/news-1028481-djentoni-shumperta-mozhno-budet-ispolzovat-na-raznykh-pozicijakh.html?utm_source=copypaste
7. Найоби Томпсон. впервые люди приручили лошадей на территории нынешнего Казахстана. Еще: <https://ru.sputnik.kg/Radio/20170309/1032129874/antropolog-iz-kanady-kazahi-pervymi-priruchili-loshadej.html>
8. В.В.Радлов “Тюркские степные кочевники. В.В. Радлов Из Сибири. Страницы дневника. // М.: 1989. 752 с. ISBN 5-02-017025-9 (Этнографическая библиотека.)
9. Бабадан қалған дана сөз. Бұқар жырау Қалқаманұлы. Атамұра, 2010ж. 218бет.
10. Ұлықбек Есдәулет. Киіз кітап. Атамұра, 2014ж. 380бет.
11. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» www.akorda.kz
12. Махұмыт Қашқаридың «Диуани-Лұғат-Ат-Түрік» (Түрік тілінің сөздігі). Көп томдық шығармалар жинағы. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ баспасы, 1997, 1-том. 638 бет.
13. Бес ғасыр жырлайды. Мұхтар Мағауин. Алматы: Жазушы, 1989ж. 368 бет.
14. Ақан Сері. Сәкен Жүнісов. Атамұра, 2010ж. 376 бет.

ӘОЖ 1751

КӨНЕ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІ: ГЕНЕЗИС ЖӘНЕ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Закиров Жумахан Оралбайұлы

zhumaxan.zakirov@inbox.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультетінің 4-курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD доктор Г. Сағынадин

Өткенін түгендеп, тарихын зерделеуге жұрт болашаққа нық сеніммен қадам баса алмайды. Ұлттық құндылықтарынан, тілінен, дәстүрінен, дінінен айырылған ұлт, болашағын құру үшін негіз таба алмай, құрдымға кетеді. Оның дәлелі өзінің тарихын, шығу тегін ұмытқан халықтардың басқа үлкен өркениеттерге сіңісіп, жоғалып кетуі. Мұны ғылымда «ассимиляция» деп атайды. Сонау қарт тарихтың қойнауына көз жүгіртсек, атағынан ат үркетін, бүкіл Еуразия даласын алып жатқан Алтын Орданың тікелей мұрагері – Қазақ хандығы еді. Алтын Ордан бұрын Қыпшақ, Қарлұқ, Оғыз, Қарахан, Түргеш секілді түркі мемлекеттері Еуразия даласын бағзыдан мекен еткен. Одан әрі Ұлы Түркі қағанаты, одан да әріге барсақ Сак, Ғұн, Қаңлы дәуіріне барып табан тірейміз.

Тарихтың осылай екенін біле тұра саяси ғылым еуроцентристік көзқарас ұстанып келді, адамзат тарихындағы Ұлы өркениеттің ірі ошағының бірі түркі халықтары екенін мойындағысы келмеді. Кеңестік тоңмойын идеологияның темір құрсауынан шыға алмай, түркі жұрттарының арғы тарихы мен әдебиетіне қатысты мағлұматтарды таразыламайтын, саясаттың қолшоқпарына айналған жалған ғалымдар көбейді. Ұлттық әдебиетіміз ХІХ ғасырда ғана қалыптасқан, жабайы, тағы көшпелілерде ешқандай әдебиет болмаған деген қате көзқарастар санамызға судай

сіңіп кетіп еді. Тарихымызды қайта қарап, түзеуге тырысқандарға «пантүрікшіл» «ұлтшыл» деген айдар тақты. Осылайша біз өз тарихымыз бен мәдениетімізден өзіміз жерітін хәлге душар болдық. Бағымызға орай, уақыт арнасымен жылжып, кеңестік идеологияның мұзы жібіп, өткенімізді түгендеп, ұлттық әдебиетіміздің тарихын түгесіп қайта қарастыруға мүмкіндік туды. Еліміз егемендігін алғалы бері ұлттық әдебиеттанудың жаңа бағыттары мен салалары пайда болып, әдебиеттанушы ғалымдар біраз маңдай терін төгіп еңбек етті. Ендігі жерде біз бұл мақаламызда сонау сақ-ғұн дәуірінен қалған көркем образды сюжеттер мен мифтік таным-түсініктерді бізден бұрынғы жазылған деректерге сүйене отырып, әдеп сақтап, шама-шарқымыз бен дәрегейіміз жеткен жерге дейін, саралап-салмақтап көрмекпіз.

Еуразия даласын сонау бағзы замандардан бері көшпелі мемлекеттер мекен еткені белгілі. Соның ішінде қазақ жеріндегі ең алғашқы мемлекет сақтар дәуірінде пайда болды. Сақтар туралы тұңғыш деректер көне парсы жазбаларында, грек тарихшыларының еңбектерінде көптеп кездеседі. Бұл деректерден біз тек сақтардың өмір салты қалай болғанын, қай уақытта кімдермен соғыс жүргізгенін, әлеуметтік құрылымын біліп қана қоймай, олардың сол заманда туған түрлі образды ұғымдары мен көркем ойларын және таным-түсініктерін кездестіре аламыз. Өйткені, грек, парсы, қытай тарихшыларының жазбалары негізінде байырғы сақ дәуірінде дүниеге келіп, кейінгі замандарға дейін жеткен кейбір шығармалар аңыз-әфсана ретінде, миф пен ертегі түрінде бүгінгі күнге жетіп отыр.

Грек тарихшысы Геродоттың мәлімдеуінше, сақтардың ең алғашқы патшасы б.з.д 1500 жыл бұрын ғұмыр кешкен Тарғытай атты патша екен. Оның Липоксай, Арпоксай және Колаксай деген үш ұлы болыпты. Осылардан сақтардың үш тайпа халқы тараған [1.16]. Бұл туралы Геродот өзінің «Тарих» атты еңбегінде мынадай мәлімет келтіреді:

«Скифтердің өздерінің айтуы бойынша, олар – барлық халықтардың ішіндегі ең жас халық. Скифтер өздерінің шығу тегі жайлы былай дейді: бұл елде адам аяғы баспай, әлі қаңырап бос тұрған кезде, мұнда Тарғытай ғана болған; Олар Тарғытайдың әкесі Зевс, ал шешесі Борисфен өзенінің қызы деп есептейді. Бірақ, мен бұған күмәнмен қараймын. Дегенмен, Тарғытайдың дүниеге келуі жайлы аңыз осындай. Оның Липоксаис, Арпоксаис, Колаксаис атты үш ұлы болған. Олардың өмір сүрген дәуірінде, скиф жеріне көктен алтын бұйымдар – соқа, мойынтұрық, айбалта және тостаған түскен екен. Бұл жәдігерлерді ең алғаш үлкен ұлы көріп, қол тигізіп көрмек болып еді, алтын бұйымдар от шашып маңына жолатпапты. Сонан соң, ортаншы ұлы да бақ сынамақ еді, алтын бұйымдар тағы да от шашып маңына жолатпай қойыпты. Ал, ең кенже ұлы келген сәтте, әлгі алаулаған алтын бұйымдар суып қоя берген; ақыры ол осы алтын бұйымдарды алып, үйіне апарып қояды. Осылайша, екі үлкен ағасы патшалықтың тағын кенже інілеріне беріпті» [2.205].

Тағы бір ретте, Геродот өзінің осы кітабында **Понт жерінде тұратын эллиндіктердің** сақтардың шығу тегі туралы қызықты бір аңыз-әфсанасын келтірген. Аңыз бойынша, жорық үстінде жүрген Геракл өзінің жылқыларын жоғалтып алады. Ол ел аралап, жер кезіп ақыры Гилей деген жерге келіп тоқтайды. Сол жердегі бір үңгірде денесінің жоғары бөлігі адам, төменгі бөлігі жылан болып жаралған бір қызды көреді. Геракл қыздан өзінің арғымақ атын сұрағанда, қыз іздеп жүрген атының өзінде екенін, бір түн қыздың жанында қалса, жылқыларын қайтаратынын айтып жеткізеді. Ақыры, ол қыздың қойған шартына көнеді. Алайда, қыз оны жанынан жібергісі келмей, жылқыларды қайтаратын мезгілді созып жүре береді. Соңында қыз Гераклдың еліне қайтуы керек екенін түсініп, оған атын қайтарып берер тұста:

– Сенің жылқыларың осында келген кезде, мен оларды сен үшін сақтап қойған едім. Сен де мені сый-сыяпатқа бөледің: сенен үш ұл табамын. Ер жеткен соң оларды сенің еліңе жіберейін бе, әлде, өз жұртымда қалдырайын ба? – деген екен.

Геракл:

– Бұл үшеуі ер жеткен соң, араларынан қайсысы мына садақты мен сияқты иіп тартатын болса және осы қайыс белдігімді беліне дұрыс буына білсе елің мен жерінді соған мұраға қалдыр, ал, бұл сынақтардан өте алмаған екеуін жат жұртқа жібер, – деп өсиет айтып, садағы мен белбеуін және соңғысы, алтын ыдысын қалдырып кетіпті.

Расында да, мезгілі жеткен соң әлгі қыз үш ұл бала босанып, есімдерін Агафирс, Гелон, Скиф деп қойған көрінеді. Үшеуі ер жеткен соң, тек кенже ұлы Скиф қана әкесінің анасына айтып кеткен сынақтарынан өте алыпты. Гераклдың осы ұлы – Скифтен барлық сақтар тараған екен. Ал, Гераклдан қалған әлгі ыдыстың естелігі ретінде, сақтар әлі күнге дейін белдіктеріне ыдыс байлап жүретін көрінеді [2. 206-207].

Енді бұл келтірілген деректерден қандай қорытынды шығаруға болады? Бұлардың арасында қандай ортақ мотивтер мен ұқсастықтар бар? Біздің ойымызша, скифтердің шығу тегі жайлы Геродот жазып қалдырған осы екі аңыздың түп-тамыры бір. Бірінші көрсетілген аңызда Геродот найзағай құдайы Зевс пен Борисфен өзені құдайының қызын Тарғытайдың әке-шешесі деп жазады. Әрине, бұл әңгімені ол скифтердің өздерінің айтуы бойынша деп көрсетеді. Дегенмен, мұндағы Зевс құдайы түркілердің Көк Тәңірісінің балама нұсқасы деп түсінген жөн. Грек ғалымы осы Көк Тәңірі дегеннің орнына өздерінің таным-түсінігіне сай Зевсті көрсеткен болуы керек. Бұл пікірімізді, Геродоттың скифтердің шығу тегі жайында жазып қалдырған екінші аңызы қуаттай түседі. Мұнда өзінің атын жоғалтып алған Гераклдың үңгір ішінде жарты денесі жылан, жарты денесі адам кейпіндегі қызды жолықтырғаны жайлы сөз болады. Бірақ, мұндай аңызды таратқан сақтардың өздері емес, Понт жеріндегі эллиндіктер (гректер) болатын. Мұны автордың өзі де атап көрсетеді. Егер ежелгі сақтар мен гректердің өзара байланыста болғанын ескерсек, Тарғытайдың Көк Тәңірден жаралғаны жайлы аңыздың түп нұсқасы сақтардан грек жеріне жетіп, уақыт өте келе бұл аңызды гректер өз таным-түсінігіне негіздеп, интерпретациялағаны сөзсіз. Енді келіп олардың түсінігіндегі аспан құдайы Зевс пен оның ұлы Гераклдың және Көк Тәңірі мен одан жаралған Тарғытайдың ұқсас типті кейіпкерлер екендігі түсінікті болады.

Ал, осы екі аңыздағы Борисфен өзені құдайының қызы мен жарты денесі жылан, жарты денесі адам кейпіндегі кейіпкерге келер болсақ, Грек нұсқасындағы Борисфен құдайы скифтердің суға байланысты мифтік танымының бір баламасы ретінде көрсетілген деуге болады. Бұл орайда, біз ғалым-әдебиеттанушы Тұрсын Жұртбайдың мына дерегін алға тартамыз:

«...Сонымен, Зевсіміз – Көк Тәңірі болып шықты, ал су перісі қайдан келді? Егерде су перісіне қатысты түркі елінің аңыздарын рет-ретімен хаттасақ, мұның өзі дербес жинақ құрайды. Арысы Оғыз қағаннан, Көкбөріден, берісі – Қорқыт атадан бастау алатын аңыздар көзі қарақты адамға мәлім. Сол әфсаналарға ортақ бір жайт: барлығында да Су Ана кейпінде көрінеді. Тіпті, Әмудария, Сырдария да қырық қыздың суға шомылған жағажайы ретінде суреттеледі. Су перілері жайлаған көл туралы қиял-ғажайып ертегілері қаншама? Мұның барлығы ертегі болғанымен, халықтың ақыл-ойының балаң кезеңіндегі Табиғат Анаға табынатын кезіндегі сенім-нанымының жаңғырықтары»[3.62].

Сөзімізге дәлел болуы үшін «Едіге» жырын мысалға келтірейік. Бұл жырдың бір нұсқасында Едігенің дүниеге келуі толықтай мифологиялық сарында әңгімеленеді: «...Баба түкті Шашты Әзіз жиырма бес жасқа келгенде әулиелік қылып жөнеледі. Агун дариясына барады. Дария жағасында алтын шашын алдына алып тарап отырған қызды көрді. Қызға жақын келгенде суға шомып кетті. Баба түкті Шашты Әзіз қыздың соңынан шомып кетті. Дарияның астында алпыс ақ отау тұр екен. Отауға кіріп барды. Ішінде ай десе аузы жоқ, күн десе көзі жоқ, бұлғарыдай бұлқыған, бұлусы жұпар аңқыған ғажайып бір қыз отыр екен...»[4.24]

Бұдан кейін Баба түкті Шашты Әзіз бен әлгі су перісінің қызы некелеседі, қыз үш шарт қояды, бірақ Баба түкті Шашты Әзіз қыздың бұл шартын орындай алмай, ақыры қыз көкке

ұшып кетеді. Кетер алдында Баба түкті Шашты Өзізге ішінде алты айлық баласы қалғанын, оны Ніл дариясының басына, Құмкент шаһарының қасына тастап кететінін, сол баланы іздеп тауып алуын өтінеді. Ақыры, Баба түкті Шашты Өзіз баланы іздеп тауып, елсіз, күнсіз жерде туды деп баланың атын Едіге деп қояды да, үш жасқа келгенде молдаға беріп, бар парызынан құтылған соң өзі ғайып болыпты.

Дәл осыған ұқсас Асан Қайғы жөніндегі аңызды Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өз еңбектерінде жазып қалдырған. Мұнда Асанның су перісіне ғашық болғандығы, некелескендігі, қыздың үш шарт қойып, Асанның орындай алмауы сияқты мотивтер кездеседі.

Осы орайда суға байланысты, су перісіне қатысты мифтік түсініктер бертін келе жылан культіне ауысқан деген болжам шығаруға болады. Бұл жайында жазушы Таласбек Әсемқұлов «Жылан қайыс ырымының сипаттамасы» деген мақаласында кеңірек тоқталады. Жазушының айтуы бойынша, бұл ырым бір жігіттің жер асты патшалығына түсіп, жылан Бапы ханнан сауыт пен қару-жарақты сыйға алған аңызбен байланысты. Бапы хан жігітті бір жұтып қойып, қайтадан құсып тастайды. Жігіт үсті-басы мұздай сауытқа малынып шығады, екінші мәрте жұтып, қайтадан шығарғанда жігіттің өне бойын қару-жараққа толтырады. Жігіт Бапы ханнан не үшін үшінші рет жұтпайсыз деп сұрағанда, Бапы хан:

- Үшінші рет жұтсам, тәнің мен жаның бірге темірге айналады, затың адам ғой, осы күйінде қал, - дейді[5.33].

Осы аңызда айтылған Бапы хан мен «Ер Төстік» ертегісіндегі жер асты патшалығының ханы – жылан Бапы хан екеуі бір кейіпкер.

Бұдан шығатын қорытынды, сонау ерте дәуірдегі мифтер мен аңыздар әрі қарай өзгертіліп, кеңейе дами түскен. Рулық замандағы көптеген наным-сенімдер мен таным-түсініктер, мифтік, аңыздық әңгімелер ендігі уақытта ескі мен жаңаның бірігіп, кіріккен формасына айналған. Олардың сюжеттері, кейіпкерлері кейінгі заманда туған жырлар мен аңыздарда, ертегілерде көрініс тапқан.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.
2. *Геродот. История* в девяти книгах. – Ленинград: Наука, 1972
3. Жұртбай Т. Барлау тамыр. Халық ауыз әдебиеті – тарихи дерек ретінде. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 528 б.
4. Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 250 б.
5. Әсемқұлов Т. Шығармалары. 5-том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2016. – 400 б.

ӘОЖ 1751

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ – МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Кажғалиев Акежан Мақсатұлы

akezhan.kazhigaliev@mail.ru

М. Қозыбаев атындағы СҚУ КеАҚ Филология мамандығының 1 курс магистранты,
Петропавл, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Т. Қадыров